

ТАҚЫРЫБЫ: XX ҒАСЫРДАҒЫ ӨЛКЕМІЗДЕН ШЫҚҚАН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ

Құрастырушылар: Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп – гимназия – интернаты» КММ педагог- зерттеуші тарих пәні мұғалімі К.А. Наурызғалиева, Хамза Есенжанов атындағы ЖОББМ педагог- зерттеуші тарих пәнінің мұғалімі А.М. Бигазиева

Түсінік хат

«XX ғасырдағы өлкемізден шыққан Алаш зиялылары» атты қолданбалы курсы «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды іске асыру мақсатында 9-10-11-сыныпта оқитын оқушылар үшін арнайы әзірленді. Бағдарламада Батыс Қазақстан облысының XX ғасыр басындағы тарихи тұлғалары- алаш қайраткерлері, олардың өмірі мен қоғамдық қызметі туралы деректер қамтылған. Батыс Қазақстан өңірі – қазақ елінің бір бөлігі. Олай болса оның тарихы да қазақ халқы тарихының бір құрамы екендігіне шек келтіруге болмайды.

XX ғасырдың басы – қазақ қоғамының рухани тұрғыдан серпіліп, ұлттық сананың ояпған кезеңі болды. Ұлт қамын ойлаған қазақтың зиялы азаматтары адамзат тарихының көшінен қағабөріс қалып, бейқам жатқан елдің тығырықтап шығар жолын іздеп, шарқ ұрды. Одан шығудың бірден-бір негізгі жолы – «онер-білімге тартылып, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына қосылу» деп біліп, аяртұнылық идеясын, ұлттық санады көтеру идеясын ұстанды. «Қазақ газетінде» жарияланған он бөлімнен тұратын алаш бағдарламасының негізгі өзегі- ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйеніс отырып, ұлттық демократиялық мемлекет құру еді.

Болашағы зор ел боламыз десек, әрбір азаматтың ұлттық тарихы мен оның сабақтарын білу қажеттігін Алаш қосемі Әлихан Бөкейханов былай деп ескертеді: «Өзінің тарихын жоғалтқан жүрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұратындығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешектің қандай боларына көзі жетпейді» деген.

Алаш тарихын зерттеу ісі – ел тәуелсіздігінің жемісі. Биыл Алашорданың құрылғанына- 105 жыл. Жаһанна Досмұхамедовтың туғанына 135 жыл толуына орай бағдарламада алаштанушы, тарих ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры Дәметкен Сүлейменованың еңбектері мен зерттеулері қолданылды.

Қазақтың терен тарихын білген ұрпақ ешқашан ел тарихына селқос қарамайды, ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен қазақ тарихындағы тарихи тұлғаларды мақтан етіп, өз елінің патриоты болады. Тарихтап тағылым ала отырып, болашағының жарқын болуы үшін де өз үлесін қосуға тырысады.

Аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағатты құрайды.

Бағдарлама IV бөлімнен құралып, 34 сағатқа арналған.

Мақсаты:

- Батыс Қазақстан өлкесінде өрбіген Алаш зиялыларының өмірі мен қызметін дәріптеу;
- Қоғамның саяси өміріне еңбегі сіңген тұлғалардың еңбектерін оқыту арқылы оқушылардың өз Отанын, туған жерін қадірлеуге, рухани-ұлттық құндылықтарын бағалауға үйрету;
- Алаш тарихын терен зерттеп, монографиялар, мақалалар жазып жүрген алаштанушы - ғалым Д.Д.Сүлейменованың еңбектерімен таныстыру

Міндеттері:

- Қазақ зиялыларының өмірі мен қоғамдық қызметі туралы жүйелі білім беру;
- Оқушылардың тарихи тұлғаларды танып білу, деректермен жұмыс жасау, олардың қызметінің мәні мен мақсатын дұрыс түсіне білу дағдысын қалыптастыру;
- Алған білімдерін Қазақстан тарихы сабақтарында, қорытынды аттестаттау кезінде пайдалануға баулу;

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар өздігімен жұмыс жасайды, кітапханамен белсенді араласады;
- Елдің елдігі мен егемендігі, бостандығы үшін еңбек еткен тарихи тұлғалар өмірінен үлгі алады;
- Өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыруға талпынады;

Мазмұны

I бөлім:

I бөлім «XX ғасыр басындағы ұлттық интеллегенцияның қоғамдық өмірге араласуы»

(3 сағат)

XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары. I және II Мемлекеттік Думаға депутат болған жерлестеріміз. Бірінші және екінші қазақ съездеріне қатысқан батыс қазақстандық зиялылар.

II бөлім «Батыс Қазақстан облысының XX ғасыр басындағы тарихи тұлғалары» (8

сағат)

Бақытгерей Құлмановтың өмірі мен қызметі жайлы деректер. Бақытжан Қаратаевтың өмірі мен қызметі туралы деректер. Шахзада Шонанованың өмірі мен қызметі туралы деректер. Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығы жайлы деректер. Сейткали Меңдешевтің өмірі мен қызметі туралы деректер.

III бөлім. Батыс Алаш Орда тарихында орны бар зиялылар (16 сағат)

Батыс Қазақстан территориясында алаш автономиясының құрылу тарихы және қызметі. «Жаһанша Досмұхамедов һәм қазақ автономиясы» атты Д.Д.Сүлейменованың монографиясына талдау. Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры Дәметкен Сүлейменовмен кездесу. 1918ж. Жымпитыда Ойыл уәлаяты уақытша үкіметінің тарихы. Ойыл уәлаяты мен кеңес үкіметі саясатындағы төңірегіндегі зиялылар көзқарастары (Ғұбайдолла және Ғалиасқар Әлібековтар, Бақытжан, Арон Қаратаевтар, Меңдігерей Ипмағамбетов, Әбдірахман Әйтиев т.б.). Орал әскери реалдық училище шәкірттері (Жалмұхаммед Сүйінтұрұлы, Нұрғали Ипмағамбетұлы, Нұрғали Досбайұлы, Ғұбайдолла Бердіұлы), Алаш қайраткері Хасан Нұрмұхамедовтің күреске толы ғұмыры. Қазақтың бірден-бір жанашыры-«Алаш» қозғалысының көсемдері туралы деректі фильм қарау.

Ұлы Дала Шахзада деректі фильм

Ұлы Дала Халел Ғаббасов видеофильм

Ұлы Дала Сұлтанбек Қожанов деректі фильм

Жаһанша Досмұхамедов туралы деректі фильм. Реферат жазу. Жоба қорғау жұмыстары: Батыс зиялыларының қызметін деректік материалдар негізінде тарихи зерттеу.

IV бөлім. «Рухани жаңғыру-болашаққа бағдар» өлкедегі мұражайларға саяхат (4 сағат)

Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат. «Рухани жаңғыру» мұражайына саяхат. Жымпитыдағы Алаш музейіне саяхат, Қаратөбедегі Алаш және Қайыржан Хасановтың балалары аңқан музейге саяхат. М.Мерәлиев атындағы аудандық мұражайға саяхат

Қайталау 1 сағат

Орта мерзімдік жоспары Сағат саны-34, аптасына-1 рет

№	Сабактың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Өткізу түрі, пайдалынатын деректер.
	I бөлім. «XX ғасыр басындағы ұлттық интеллегенцияның қоғамдық өмірге араласуы»	3		
1	XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары	1		Дәріс сабақ Сүлейменова Д.Д. Батыс Алашорда тарихы-өлке тарихының құрамдас бөлігі. [Мәтін]/ ҚР Білім және ғылым министрлігі: Батыс Қазақстан

			гум.акад.-Алматы: Арыс, 2007.-134б
2	I және II Мемлекеттік Думаға депутат болған жерлестеріміз	1	Дәріс сабақ Өмірзақ Озғанбай . Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917) –Алматы : Нұрлы Әлем,2021
3	Бірінші және екінші қазақ съездеріне қатысқан батыс қазақстандық зиялылар	1	Дәріс сабақ Сүлейменова Д.Д Батыс Алашорда тарихы-өлке тарихының құрамдас бөлігі. [Мәтін]/ ҚР Білім және ғылым министрлігі: Батыс Қазақстан гум.акад.-Алматы: Арыс, 2007.-134б
	II бөлім. «Батыс Қазақстан облысының XX ғасыр басындағы тарихи тұлғалары»	8	
4-5	Бақтыгерей Құлмановтың өмірі мен қызметі жайлы деректер	2	Зерттеу жұмысы. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6 том
6-7	Бақытжан Қаратаевтың өмірі мен қызметі туралы деректер Шахзада Шонанованың өмірі мен қызметі.	2	Зерттеу жұмысы. Ысмағұлов М. Революция сарбазы // Жалын. №1,1989. Қойшыбаев Б. Бақытжан Қаратаев.-Алматы: Ана тілі, 1993.-184 бет. Алфия Байболсынова Дана журналы 2016 ж 4-5(28)2016 Шахзада Шонанова- саяси қуғын-сүргін құрбаны болған қазақ қызы
8-9	Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығы жайлы деректер	2	Зерттеу жұмысы Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: «Арыс» баспасы. 2002 жыл.
10-11	Сейтқали Мәңдешевтің өмірі мен қызметі туралы деректер	2	Зерттеу жұмысы «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
	III бөлім. Батыс Алаш Орда тарихында орны бар зиялылар	16	
12-	Батыс Қазақстан территориясында алаш тарихы және	2	Зерттеу сабағы. Д.Д.Сүлейменова. «Батыс

	қызметі			Алашорда тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі.» монографиясы– Арыс баспасы, 2007.
14-15	Жаһанша Досмұхамедұлының өмірі мен қызметі туралы деректер Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры Дәметкен Сүлейменовамен кездесу	2		Зерттеу сабағы.Д.Д.Сүлейменова «Жаһанша елі» (Алматы: «Арыс», 2004ж.) әдістемелік оқулығы.«Жаһанша Досмұхамедов һәм казак автономиясы» атты кітабы
16-17	Халел Досмұхамедовтың өмірі мен қызметі	2		Зерттеу сабағы Өмірзақ Озғанбай . Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917) –Алматы : Нұрлы Әлем,2021
18-19	1918ж. Жымпитыда Ойыл уәлаяты уақытша үкіметінің тарихы	2		Зерттеу сабағы. Батыс Қазақстан облысы тарихы. Мектеп оқушыларына арналған оқу құрал. Рысбеков Т.З, Құрманалин С.Б- Орал, 2015ж
20-21	Орал әскери реалдық училище шәкірттері (Жалмұхаммед Сүйінтірұлы, Нұрғали Ипмағамбетұлы, Нұрғали Досбайұлы,Гұбайдолла Бердіұлы)	2		Зерттеу сабағы. Батыс Қазақстан облысы тарихы. Мектеп оқушыларына арналған оқу құрал. Рысбеков Т.З, Құрманалин С.Б- Орал, 2015ж
22-23	Ойыл уәлаяты мен кеңес үкіметі саясатындағы төңірегіндегі зиялылар қозғалыстары (Гұбайдолла және Ғалиасқар Әлібековтар, Бакытжан, Арон Қарағаетар, Мендігерей Ипмағамбетов, Әбдірахман Ойтиев т.б.)	2		Зерттеу сабағы. Д.Д.Сүлейменова «Жаһанша елі» (Алматы: «Арыс», 2004ж.) әдістемелік оқулығы.«Жаһанша Досмұхамедов һәм казак автономиясы» атты кітабы «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008.
24-25	Алаш қайраткері Хасан Нұрмұхамедовтің күреске толы ғұмыры	2		Д.Д.Сүлейменова Деректермен жұмыс. Зұлмат жылдар құрбан болған Алаш қайраткері Хасан Нұрмұхамедовтің күреске толы ғұмыры хақында
26-27	Қазақтың бірден-бір жапашыры-«Алаш» қозғалысының қосемдері туралы деректі фильм қарау. Улы Дала Шахзада деректі фильм	2		Бейнебаян көру. Реферат жазу.

	Ұлы Дала Халел Габбасов видеофильм Ұлы Дала Сұлтанбек Қожанов деректі фильм Жаһанша Досмұхамедов туралы деректі фильм			
28-29	«Олжеміздегі Алаш жанашыры – Д.Д.Сүлейменова»	2		Үздік жоба байқауы
	ІҮ бөлім. «Рухани жаңғыру-болашаққа бағдар» өлкедегі музейлерге саяхат	4		
30	Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат	1		БҚО Орал қаласы Саяхат-сабақ
31	«Рухани жаңғыру» музейіне саяхат	1		БҚО Саяхат-сабақ
32	Жымпитыдағы Алаш музейіне саяхат	1		БҚО Жымпиты ауданы
33	Қарағобедегі Алаш және Қайыржан Хасановтың балалары ашқан музейге саяхат М.Мерәлиев атындағы аудандық мұражайға саяхат	1		БҚО Қаратөбе ауданы
34	Қорытынды сабақ	1		Қайталау сабағы.

І бөлім «XX ғасыр басындағы ұлттық интеллигенцияның қоғамдық өмірге араласуы» (6 сағат)

1- сабақ. XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары.

XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздік күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқақ білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығаштары бола білді. Жақын Ақбаев, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Ғұмар Қарашев, Ғабдүлғазиз Мұсағалиев, тағы басқалар, бұл тізімді осылай жалғастыра беруге болады.

Шып мәнінде олар ғұмыр кешкен XX ғасырдың басы алып адамдарды қажет еткен, әрі осыған орай өздерінің ойлау, болжау қасиеттері айырықша, энциклопедиялық білім, талғам-танымдары жан-жақты анықтарды дүниеге келтірген дүбірлі заман болды.

Бірақ жылдар бойы Кеңес өкіметі жүргізген озбырлық пен қырып-жоюға, тарихты өрескел бұрмалауға негізделген саясаттың тікелей салдарынан халқымыздың сана-сезімі өлшеусіз де орын толмағ жұтандыққа ұшырап, оның интеллектуалды ауқымының қарыштап, дамуына үлкен нұқсан келді. Соның тікелей кесірінен Қазан төңкерісіне дейінгі жалпы адамзат өркениетінің төрінен орын алған ірі тұлғаларымызға «байшылы», «кертартпа», «діншілдер» деп ойдан шығарылған, цензура арқылы тыйым салынды. Партиялық талап, марксистік-лениндік идеология қазақ халқының дарынды дара перзенттерінің бостандық пен ұлт тәуелсіздігі үшін аянбай тер төккен, қабырғалары қайысқан ерекше еңбектерін большевиктік қозқараспен біржақты бағалап, оларды мемлекетке «қажетсіз» санап, жетпіс жылдан астам мерзімге жокқа шығарды.

XX ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары өздерінің саяси қызметтерінде

халықтың рухани-қоғамдық дамуына қажетті құндылықтарды қорғауды басты мақсат деп білді. Қазақ

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы, 2017ж.
2. Д.Д.Сүлейменова Батыс Алашорда тарихы-өлке тарихының құрамдас бөлігі. [Мәтін]/ ҚР Білім және ғылым министрлігі: Батыс Қазақстан гум.акад.-Алматы: Арыс, 2007.-134б
3. Д.Д.Сүлейменова Жаһанша Досмұхамедов һәм казак автономиясы. [Мәтін]/ .-Алматы: Арыс, 2008.-300б
4. Д.Д.Сүлейменова Батыс Алашорда арыстары. [Мәтін]/ .-Орал: [Мәтін]/ .-[б.ж], 2017.-120б. суретті .-Алаш 100 жыл. Библиогр: 108-111б
5. Д.Д.Сүлейменова Зұлмат жылдар құрбан болған Алаш қайраткері Хасан Нұрмұхамедовтің күреске толы ғұмыры хақында [Мәтін]/- Ана тілі -2011.- 10 наурыз.
6. Қазақстан тарихы (көне дәуірден күні бүгінге дейін). Бес томдық. Қ.С. Алдажұманов, М.Х.Асылбеков. 3-том. Алматы: «Атамұра», 2010.
7. Қазақстан тарихы (әдістемелік оқу құралы) Рысбеков Т.З., Қарабалин Г.Е., Орал, 1996ж.
8. Батыс Қазақстан облысының тарихы Т.Рысбеков, Б.Қ.Бірімжаров, С.Құрмапалин, Ж.Жаксығалиев Орал, 2001ж.
9. «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық форумы (материалдар жинағы). Қазақстан халық ассамблеясы.
10. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6 том «Тарихи тұлғалар» кітабы
11. С.Өзбекұлы «Арыстары Алаштың» Алматы 2008ж
12. М.Құл-Мұхаммед «Алаш ардагері» Алматы 1996ж
13. Г.Әбдіхалыкова «Қазақстан-тоталитарлық лагерьлер өлкесі» Қазақстан тарихы әдістемелік журналы 2012ж №3
14. Т.Жұртбай «Ұраным Алаш» Алматы 2008ж
15. Ә.Бөкейханов шығармаларының 7 томдық толық жинағы. Астана 2009ж
16. Аяған Б.Г, Шаймерденова М.Ж. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Алматы 2005ж.
17. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Көмекші оқу құралы. Алматы 1995ж.
18. Құл-Мұхамед М. «Алаш» бағдарламасы: кияпат пен ақиқат. Алматы 2000ж.
19. Нұрпейісов К. «Алаш һәм Алашорда». Алматы 1995ж
20. Токенов Ә, Көкебаева Г. Баймырза. «Алаш» қозғалысы хақында.
21. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6 том
22. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 жыл.
23. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
24. Алфия Байболсынова Дана журналы 2016 ж 4-5(28)2016 Шахзада Шонанова- саяси қуғын-сүргін құрбаны болған казак қызы
25. Өмірзақ Озғанбай .Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917) –Алматы : Нұрлы Әлем,2021
26. Өмірзақ Озғанбай .Жарық жұлдыздар